

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
Ы. АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БІЛІМ АКАДЕМИЯСЫ

**«БІРТҰТАС ТӘРБИЕ: ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА НЕГІЗДЕЛГЕН ТӘРБИЕ
ІСІН БАСҚАРУ ЖӘНЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ» ПЕДАГОГТЕРДІҢ КӘСІБИ
БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ КУРСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

Астана, 2023

МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер	3
2. Глоссарий	5
3. Бағдарлама тақырыбы	7
4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері, күтілетін нәтижесі	7
5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны	8
6. Оқу процесін ұйымдастыру	15
7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету	19
8. Бағдарлама нәтижесін бағалау	19
9. Курстан кейінгі қолдау	21
10. Негізгі және қосымша әдебиеттер	21

«БІРТҰТАС ТӘРБИЕ: ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА НЕГІЗДЕЛГЕН ТӘРБИЕ ІСІН БАСҚАРУ ЖӘНЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ» ПЕДАГОГТЕРДІҢ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ КУРСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

1. Жалпы ережелер

«Біртұтас тәрбие: құндылықтарға негізделген тәрбие ісін басқару және жүзеге асыру» педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) білім беру ұйымдарының педагогтеріне, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына, сынып жетекшілеріне, тәрбие саласының мамандарына арналған. Оқыту курсы қазақ және орыс тілдерінде жүргізіледі.

Бағдарлама біртұтас тәрбие бағдарламасы шеңберінде құндылықтарға негізделген тәрбие ісін басқару және оны педагогикалық қызметте тиімді жүзеге асыру жолдарына бағыт-бағдар беру, қолдауды әдістемелік қамтамасыз ету бойынша білім беру ұйымдары мамандарының кәсіби құзыреттілігін жетілдіруге бағытталған.

Бағдарламаның өзектілігі

Бүгінгі таңда тәрбие мәселесінде туындап жатқан жағдайлар мен өзгерістер бала бойында ұлттық, рухани-адамгершілік құндылықтарды сіңіру тәсілдерін қайта ойластыруды, қауіпсіз, жайлы орта құруда білім беру ұйымдарының мемлекеттік және әлеуметтік институттар арасында өзара ынтымақтастық қарым-қатынастардың жалпы парадигмасын өзгертуді талап етеді.

Бүгінде әлемдік өзгерістердің аса қарқынды жылдамдықпен дамуы, коммуникациялық технологиялар, интернет, әлеуметтік желілер және мобильді құрылғылардың өскелең ұрпақтың күнделікті өміріне жаппай енуі оның көзқарасы мен ұстанымдарын түбегейлі өзгертті.

Өткен тарихи жадыны сақтай отырып, ұрпақ үшін, халықтың даму тарихы үшін, оның болмысы үшін болашақ ұрпаққа мирас етіп қалдыру, ұрпақтар сабақтастығы ретінде атадан өскелең ұрпаққа мирас ретінде жалғасын тауып келе жатқан ұлтжандылық, жалпыадамзаттық қасиеттерді қалыптастыру мәселелері барған сайын өзекті бола түсуде.

Сонымен қатар ұлттық құндылықтар арқылы ұлттық, рухани-адамгершілік құндылықтарды бала бойына сіңіруге деген сұраныс артып келеді.

Білім беру ұйымдарында балалар мен жасөспірімдердің арасындағы зорлық-зомбылық, жәбір көрсету, буллинг, кибербуллинг, темекі шегу, вейп эпидемиясының кеңінен таралуы, ішімдікке әуестік және ата-ана мен үлкендерді құрметтеу сезімдері, мемлекетшілдік қасиеттері, салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарды ұстану, қазақ тіліне деген құндылық мәселесінің өзектілігі мен аталған жағдайлардың қауіпті динамикасының өсуі бүгінгі таңда рухани адамгершілік қолдауды талап етіп отыр.

Сонымен қатар білім беру ұйымдары педагогтерінің тәрбие жұмысын жүзеге асыруға кәсіби дайындығының жеткіліксіздігі, балалардың тұрғылықты

жеріне жақын орналасқан мектептен тыс ұйымдардың және тегін мектеп үйірмелері санының жеткіліксіздігі, балалар мен жасөспірімдердің бос уақыттарының дұрыс ұйымдастырылмауы салдарынан әлеуметтік желілерге, интернетке тәуелділіктің артуы және т.б. тәрбиенің мәселелерін шешуде педагогтердің практикалық құзіреттілігін арттыру мәселесі маңызды.

Осыған байланысты қоғам алдында ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, өзінің елін, жерін, Отанын қадірлейтін, еліміздің әрі қарай дамуына серпін беретін терең білімді, озық тәжірибелі және рухани-адамгершілік болмысы қалыптасқан жан-жақты кемелденген буын қалыптастыру міндеті тұр.

Сондықтан «Біртұтас тәрбие: құндылықтарға негізделген тәрбие ісін басқару және жүзеге асыру» атты педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы жүзеге асыру өзекті болып отыр.

Мақсатты топ: білім беру ұйымдарының педагогтері, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, сынып жетекшілері, тәрбие саласының мамандары

Мәселенің өзектілігі

Елімізде білім беру жүйесінің басты құндылығы – адам капиталын дамытудың өзгермес қағидат ретінде бекіді. Қазақстанның қазіргі даму кезеңінде қоғамның барлық саласы әлеуметтік әділеттілік пен әрбір адамның әл-ауқатын қамтамасыз ету мақсатында жаңғыртылуда.

Алайда, ұлттық құндылықтардың қоғамда толыққанды көрініс таппауы, күнделікті тұрмыс тіршілікке жүйелі енбеуі секілді бірқатар факторлар ұлттық құндылықтардың тәрбиенің құралы ретінде қолданыс табуына және оның бала бойына сіңуіне кедергісін келтіреді.

Сондықтан да білім беру ұйымдары және қоғамдық институттардың ынтымақтастығын нығайтып, ұлттық құндылықтарды дәріптеумен қатар оны шынайы жүзеге асырудың әдіснамасын әзірлеуді, ұрпақ санасына сіңіру тәсілдерін қайта қарауды және формализм көріністерін болдырмауды талап етеді.

«Тәрбие тал бесіктен» берілетінін ескерсек, отбасындағы сүйіспеншілік пен жылулық, татулық пен береке бала жанын жақсылықпен сусындатып, махаббатпен қанаттандырып, үлкен өмірде өз орнын табуға қолдау көрсетеді. Алайда отбасындағы ажырасу, тұрмыстық зорлық-зомбылық, маскүнемдік, баспана мәселелері, ата-аналардың төмен құқықтық мәдениеті, балаға қатыгездік көрсету, ұрып-соғу фактілерінің орын алып жатқандығы да жасырын емес. Бұл фактілер балалардың дамуы мен тәрбиесіне, олардың тұлғалық қалыптасуына кері әсерін тигізеді. Өйткені, бала отбасында көргенін сыртта істейді, бала отбасының айнасы, «балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген халық даналығы бекер айтылмаған.

Бүгінгі таңда өскелең ұрпақты тәрбиелеудің заман талабына, қоғам мен мемлекеттің міндеттеріне, білім берудің заманауи ағымдарына жауап беретін жаңа жолдарын қарастырудың қажеттілігі туындап отыр.

Сондықтан да өскелең ұрпақ тәрбиесінде ұлттық және жалпыадамзаттық, құндылықтарды қалыптастыру мен сақтаудың маңыздылығын насихаттауға, баланың қауіпсіздігін, әл ауқатын қамтамасыз ету үшін қоғам, білім беру

ұйымдары, отбасы арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға назар аударудың өзекті екендігін көрсетеді.

2. Глоссарий

Тәрбие – жеке адамды мақсатты, жүйелі қалыптастыру процесі, аға ұрпақтың тәжірибесін кейінгі буынға меңгертіп, олардың сана-сезімін, жағымды мінез-кұлқын дамыту.

Жалпыадамзаттық құндылықтар – жеке тұлғаның бойында өмірге келген сәтінен бастап бірге дамиды, жасы ұлғайған сайын қоршаған ортасына сәйкес қалыптасады. Жалпыадамзаттық құндылықтар – бұл әлемдегі адамдардың көпшілігі мойындайтын және бөлісетін құндылықтар. Олар әділ және гуманитарлық қоғам құрудың негізі болып табылады.

Теңдік – бұл барлық адамдар заң алдында тең және бірдей құқықтар мен мүмкіндіктерге ие.

Әділдік – ол шыншылдық, турашылдық, дұрыстық қасиеттерге ие. Адамның қызметі, оның табиғи және ажыратылмайтын құқықтары мен міндеттері туралы көзқарастарға сәйкес келетін адами өзара қатынастардағы істердің дұрыс, тиісті болу идеясын білдіретін моральдық және құқықтық сананың түсінігі

Адалдық – адам бойындағы таза ниет, бағалы қасиет, адамның сана-сезімі мен ар-ұжданына қайшы келмейтін әрекеттердің моральдық-этикалық жиынтығы. Адамгершіліктің аса маңызды талаптарының бірін бейнелейтін моральдық қасиет.

Академиялық адалдық – бұл шындық, сенім, құрмет, әділдік және жауапкершілік қағидаттарын сақтау. Бұл қағидаттарды ешкім қадағаламаған және бақыламаған кезде де ұстану керек. Әрбір білім алушы мен педагогтерге өз қызметінде салмақты моральдық және этикалық шешімдер қабылдауға көмектеседі, өзінің академиялық ережелері мен адалдық нормаларын белгілейді.

Ұлттық құндылықтар – әрбір ұлттың болмысында ғасырлар бойы атадан балаға мирас болып келе жатқан адамгершілік қағидаттары. Ғасырдан ғасырға жеткен халықтың қазынасы – тілі, ділі, салт-дәстүрі, әдебиеті мен өнері ұлтымыздың рухани байлығы.

Ұлттық мүдде – тұтас бір ұлттың болашағының рухани біртұтастығын қамтамасыз ететін қоғамдағы әлеуметтік субъектілер іс-әрекетінің, өмір сүру бағдарының негізгі, қозғаушы күш. Ұлттық мүддені сезіну ұлты үшін жаны күйетін отаншыл тұлға сипаты.

Мәдениет – халықтың материалдық және рухани жетістіктерінің жиынтығы. Мәдениет қоғам дамуының маңызды факторы болып табылады, өйткені ол оның өмір салтын, құндылықтары мен дүниетанымын анықтайды.

Ұлттық мәдениет – белгілі бір халықтың материалдық және рухани жетістіктерінің жиынтығы. Ұлттық мәдениет ұлттың өзіндік ерекшелігін және оның бірегейлігін сақтаудың маңызды факторы.

Ұлттық мұра – ұлттың мұрасы болып табылатын материалдық және рухани құндылықтардың жиынтығы. Ұлттық мұра қоғам үшін маңызды құндылық, өйткені бұл оның тарихы мен мәдениетінің дәлелі.

Әдет - ғұрыптар мен дәстүрлер – ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлттың тұрақты мінез-құлық ережелері. Әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер ұлттық мәдениеттің маңызды бөлігі, өйткені олар сол ұлттың менталитеті мен құндылықтарын көрсетеді.

Ар-ұят – адамға ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін айтатын ішкі үні. Ар-ұждан адамның адамгершілік дамуының маңызды факторы болып табылады. Ар-ұждан, ар-ұят – ізгілік пен мейірімді, инабаттылық пен имандылықты білдіретін ұғым, қоғамда қалыптасқан нормаларға сай әр адамның өз іс-әрекетін бақылауын, ойлауын, сезімдерін, мінез-құлықтарын бағалауы.

Әдеп – бұл адамның қоғамдағы мінез-құлық реттейтін моральдық нормалар мен ережелер жүйесі. Әдеп қоғам үшін маңызды құндылық болып табылады, өйткені ол моральдық принциптердің сақталуын қамтамасыз етеді.

Әдеп нормалары – моральдық принциптерге негізделген мінез-құлықтың нақты ережелері. Әдеп нормалары адамның мінез-құлық реттеудің маңызды құралы.

Адамгершілік – адамның мінез-құлық реттейтін моральдық принциптер мен нормалардың жиынтығы. Адамгершілік қоғам үшін маңызды құндылық, өйткені ол моральдық талаптардың орындалуын қамтамасыз етеді.

Рухани құндылық – тұлғаның рухани дамуымен байланысты құндылық. Рухани құндылық - ол адам баласына тән тәрбие, жақсы қасиеттерді қалыптастыру. Адамның бай рухани әлемі ғылыми көзқарасты, экологиялық қауіпсіздікті, әлеуметтік әділеттілікті және моральдық идеяларды біріктіреді.

Мемлекетшілдік – белгілі бір аумақта тұратын және бір мемлекеттік жүйеге бағынатын адамдар жиынтығы. Адамның Отанына, туған еліне, оның тіліне, салт-дәстүрі мен мәдениетіне деген сүйіспеншілік сезімі. Көшпелі казак өркениетінде отаншылдық ең қасиетті міндеттердің бірі саналды.

Табиғи мұра – ерекше ғылыми, мәдени немесе эстетикалық құндылығы бар табиғи объектілердің жиынтығы. Табиғи мұра қоғам үшін маңызды құндылық, өйткені ол қоршаған ортаның тұрақты дамуы мен сақталуын қамтамасыз етеді.

Денсаулық – аурудың немесе физикалық ақаулардың болмауы ғана емес, толық физикалық, психикалық және әлеуметтік әл-ауқат жағдайы. Денсаулық адам үшін маңызды құндылық, ол оған толыққанды өмір сүруге мүмкіндік береді.

Эмоционалды интеллект – адамның өз эмоцияларын, сондай-ақ басқа адамдардың эмоцияларын түсіну және басқару қабілеті. Эмоционалды интеллект жеке тұлғаның маңызды сипаттамасы, ол адамға басқа адамдармен тиімді қарым-қатынас жасауға, сондай-ақ стресс пен қиын жағдайларды жеңуге көмектеседі.

Кәсіби педагогикалық этика – мұғалімнің кәсіби іс-әрекеттегі мінез-құлық реттейтін моральдық нормалар мен ережелер жүйесі. Кәсіби педагогикалық этика педагогикалық қызметтің маңызды құрамдас бөлігі, ол мұғалімнің балалармен, әріптестермен және қоғаммен қарым-қатынасында моральдық принциптердің сақталуын қамтамасыз етеді.

Еңбекқорлық – еңбекке деген ұмтылыста, шеберлікте және жұмыс істеуге деген ұмтылыста көрінетін жеке қасиет. Еңбекқорлық адам үшін маңызды құндылық, ол өмірде жетістікке жетуге мүмкіндік береді.

3. Курс бағдарламасының тақырыбы: «Біртұтас тәрбие: «Біртұтас тәрбие: құндылықтарға негізделген тәрбие ісін басқару және жүзеге асыру»

Бағдарламаның жаңашылдық дәрежесі: Құндылықтарға негізделген білім беру бағдарламасының практикалық бағыты жоғары дәрежесіне ие. Бағдарламаның мазмұны 20% теориядан және 80%-ы практиканы құрайды.

Бүгінгі таңда білім беру ұйымдарында бала бойында ұлттық құндылықтарды сіңіру мен рухани адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру мәселесі өзекті. Сондықтан қазіргі уақытта білім беру ұйымдарында құндылықтарға негізделген тәрбиеге баса назар аударып, ұлттық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарымызды насихаттау, ұлттық құндылықтарды дәріптеуде оқу-тәрбие процесінде педагогтерге, сынып жетекшілеріне, тәрбие орынбасарлары мен тәрбие саласындағы мамандарға әдістемелік қолдау көрсету маңызды.

Осы бағытта әзірленген Бағдарлама білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысын жүргізудің механизмдері мен алгоритмдерін, тәрбиенің заманауи принциптері мен интерактивті әдіс-тәсілдерін практикада жүзеге асыруды қамтиды. Білім беру бағдарламасы құндылықтарға негізделген тәрбие ісін басқару және жүзеге асыруда білім алушылардың бойында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған.

Білім беру ұйымдарында педагогтердің біліктілігін арттыру жүйесінде осы Бағдарламаның аналогтары жоқ.

4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Бағдарламаның мақсаты

Курсқа қатысушы тыңдаушыларға білім алушылардың бойына ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды бойына сіңірген, өз отанын, елін, жерін, мекенін қорғай алатын, еңбекқор, білімді, әлемдік заманауи білімдерді игерген саналы азаматты тәрбиелеудің интерактивті әдіс-тәсілдері мен жұмыс істеу алгоритмдерін үйрету және олардың кәсіби педагогикалық тәжірибелерін арттыру.

Бағдарламаның міндеттері

1. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты қалыптастырудың тетіктерін меңгерту;

2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу жолдарын қалыптастыру;

3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастырудың алгоритмін ұсыну;

4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ой тазалығы мен сана ашықтығы дағдыларын жетілдіру;

5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу;

6. Кәсіби педагогикалық этика және эмоционалды интеллект дағдысын қалыптастыру.

7. Сабақтың тәрбиелік әлеуетін, атап айтқанда, жаратылыстану-математикалық пәндердің тәрбиелік мазмұнын күшейту алгоритмдерін үйрету.

Күтілетін нәтижелері

1. Курсқа қатысушылар жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты қалыптастырудың тетіктерін меңгереді;

2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу жолдарын біледі;

3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру алгоритмін меңгереді;

4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ой тазалығы мен сана ашықтығы дағдыларын қалыптастыра алады;

5. Курсқа қатысушылар білім алушыларды табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелей алады;

6. Кәсіби педагогикалық этика және эмоционалды интеллект дағдысын сіңіреді;

7. Сабақтың тәрбиелік әлеуетін, арттырып, пәндердің тәрбиелік мазмұнын күшейту алгоритмдерін жүзеге асыра алады.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Бағдарлама 4 модульден тұрады:

Модуль 1. Тәрбие технологиясы

Модуль 2. Ұлттық мүдде құндылығы

Модуль 3. Ар-ұят құндылығы

Модуль 4. Талап құндылығы

Модуль 1 Тәрбие технологиясы	
1.1	Тәрбиенің әлемдік және отандық тәжірибелері
1.2	Тәрбиедегі сын-тегеуріндер
1.3	Құндылықтарды білім беру мазмұнына кіріктірудің кері дизайн технологиясы
1.4	Тәрбие құндылықтары мен түлектің моделі
1.5	Нормативтік құқықтық актілер
1.6	<i>Өздік жұмыстар үшін зерттеу тапсырмалары:</i> Тәрбие құндылықтарын сіңіру арқылы түлек моделінің бейнесін қалыптастыру
Модуль 2 Ұлттық мүдде құндылығы	
2.1	Қазақстанның мемлекеттілігін нығайтудың негізі ретінде білім алушылардың патриоттық сезімдерін қалыптастыру

2.2	Ұлттық мәдениет – ұлттың рухани дамуынан бастау алады. Дәстүрлер мен әдет-ғұрып.
2.3	<i>Кейс шешу:</i> Болашақ ұрпақ тәрбиесінде қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту жолдары
2.4	<i>Практикум:</i> Қоғам игілігіне қызмет етудің формасы мен түрлері
2.5	<i>Өздік жұмыстар үшін зерттеу тапсырмалары:</i> Пән мазмұны арқылы ұлттық құндылықтарды қалыптастыру жолдары
Модуль 3 Ар-ұят құндылығы	
3.1	Академиялық адалдық қағидаты
3.2	Білім берудегі эмоционалды интеллект: дамыту және қолдану
3.3	<i>Кейс:</i> Білім беру ұйымдарындағы бала қауіпсіздігі. Ұсынымдар, ережелер мен талаптар
3.4	<i>Практикум:</i> Тұлға бойында жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыру
3.5	<i>Өздік жұмыстар үшін зерттеу тапсырмалары:</i> Әлеуметтік жобалар арқылы ар-ұят құндылығын қалыптастыру
Модуль 3 Талап құндылығы	
4.1	Талап құндылық ретінде: ұғым, мәні мен мағынасы
4.2	Білім алушылардың сыни және креативті ойлау дағдыларын қалыптастыру
4.3	<i>Практикум:</i> Технологиялық және цифрлық сауаттылықты дамытудың әдістері мен тәсілдері
4.4	<i>Практикум:</i> Білім алушылардағы жауапкершілік қасиеттері және уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлай алу дағдыларын қалыптастыру
4.5	<i>Өздік жұмыстар үшін зерттеу тапсырмалары:</i> Сынып сағаттары және сыныптан тыс іс-тәжірибелер арқылы талап құндылығын дәріптеу жолдары

Модуль 1. Тәрбие технологиясы

Білім беру бағдарламасында тәрбие технологияларын қолданудың жалпы заңдылықтары мен принциптері, сонымен қатар білім беру ұйымдарында заманауи тәрбие технологияларын қолдану ерекшеліктері қарастырылады.

Заманауи тәрбие технологиялары оқу процесін жетілдіру үшін өте маңызды. Бұл мұғалімдер мен ата-аналарға балаларды, жасөспірімдер мен жастарды тәрбиелеуді тиімдірек жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Тәрбие технологиялары үнемі дамып, жетілдіріліп отырады. Бұл білім мен тәрбиеге қойылатын жаңа талаптарға, сондай-ақ ғылым мен техниканың дамуына байланысты.

Заманауи тәрбие технологиялары тәрбиеленушілердің тәрбие процесіне белсенді қатысуын болжайды.

Заманауи тәрбие технологияларының басты бағыты – баланың жеке басы, оның жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктеріне назар аудару.

Заманауи тәрбие технологияларының түрлері:

Тұлғаға бағытталған тәрбие технологиясы – баланың жеке басының қабілеттерін, қасиеттері мен дағдысын дамытуға бағытталған.

Құндылық бағдарларын қалыптастыру технологиялары – баланың толыққанды дамуы үшін қажетті құндылықтар жүйесін қалыптастыруға бағытталған.

Әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру технологиялары – айналасындағы адамдармен қарым-қатынас дағдыларын дамытуға бағытталған.

Құқық бұзушылықтың алдын алу және қоғамға жат мінез-құлық технологиялары – баланың девиантты мінез-құлқының пайда болуын болдырмауға бағытталған.

Шығармашылық ойлауды дамыту технологиялары – шығармашылықты дамытуға, стандартты емес мәселелерді шешуге бағытталған.

Жеке қасиеттерді қалыптастыру технологиялары – тәуелсіздік, жауапкершілік, талап қоя білу, үнемдеу, қарым-қатынасқа түсе алу, адамгершілік, құрмет сезімдері сияқты қасиеттерді дамытуға бағытталған.

Әлеуметтік маңызды қасиеттерді қалыптастыру технологиялары – азаматтық, патриотизм, әлеуметтік белсенділік, қоғамға қызмет ету, ұлттық мұра, ұлттық мәдениетті қастерлеу сияқты қасиеттерді дамытуға бағытталған.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру технологиялары – салауатты өмір салты, денсаулық, дұрыс тамақтану дағдыларын қалыптастыруға, жағымсыз әдеттердің алдын алуға бағытталған.

Құндылықтарды білім беру мазмұнына кіріктірудің кері дизайн технологиясы – Мемлекет талаптарының негізінде құндылықтар айқындалады, олардан атрибуттар туындайды, олар білім беру бағдарламасында оқу нәтижелерін қалыптастыруға негіз болады; олар үшін оқыту әдістері таңдалады. Барлығы бірге білім беру ресурстары мен тапсырмалар сипатын, бағалау объектілері мен критерийлерін анықтайды

Заманауи тәрбие технологиялары баланың жеке басын дамытудың тиімді құралы. Олар балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескеруге, тәрбиенің белсенді әдістері мен формаларын қолдануға, тәрбие мен оқытудың бірлігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Модуль 2. Ұлттық мүдде құндылығы

Ұлттық мүдде: тәуелсіздік, егемендік, мемлекеттік аумақ, қазақ тілі, экономикалық өрлеу, халықтың әл-ауқаты, ұлттық қауіпсіздік, отаншыл, ұлттық мирасын, мұрасын қадірлейтін, ұлттық мәдениетті бағалайтын ұрпақ қалыптастыруды көздейді.

Отанның бастау бұлағы – отбасы. Демек ата-ананы қадірлеуге тұғыр болатын қара шаңырақ, жеті ата, тектілік ұғымдары өскелең ұрпақ бойына сіңіріліп, отбасының татулығын, береке-бірлігін нығайтуға жетелейді. Сол себепті отбасына сүйіспеншілік, бауырмалдық қасиеттері сіңген және отбасы алдындағы перзенттік парызын жете түсінген, намысшыл, отбасын, Отанын, мемлекеттік рәміздерін құрметтейтін адал ұрпақ мемлекет тәуелсіздігін, ел мен жердің тұтастығын қадір тұтуға, демократиялық және азаматтық жауапкершілікті саналы түсінуге, қазақ тілін еліміздің басты рухани байлығы ретінде қастерлеуге, құрметтеуге, оны қоғамның барлық саласында қолдануға, ғылым тілі ретінде дамытуға үлес қосуға ұстын болады.

Сондықтан Ұлттық мүдде құндылығы адамдар арасындағы сыйластық, сыпайылық, әдептілік қасиеттерін сіңіруге, елі мен жеріне, мемлекетін, рәміздерін құрметтеуге бағыттайды, отбасының татулығы мен берекесін нығайтуға,

Отбасы алдындағы перзенттік парыз, Отан алдындағы борыш, Отанға, елге, ұлтқа абыройлы қызмет ету, тарихи танымның тереңдігі, отаншылдық, елжандылық қасиеттері Ұлттық мүдде құндылығына тұғыр болады.

«...Ұлтына, жұртына қызмет қылу – білімнен емес, мінезден», «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі», «Қыз анадан үйренбей өнеге алмас, Ұл атадан үйренбей сапар шекпес», «Балаға берілетін бірінші тәрбие ата-анасын, туған-туысын, жолдасын сыйлауға үйретуден басталады», «Атаның баласы болма, адамның баласы бол» т.б. қанатты сөздер Отан құндылығын бала бойына дарытуға негіз болады.

Отан құндылығы еліміздің өткен тарихын ұрпақ жадында сақтауға, ата-бабадан қалған мирастарды мұраларды танып-білуге, оны сақтап, әрі қарай дәріптеуге тірек болады. Өз тарихын білмеген ұрпақ, оны ертеңінде сақтай алмайды. Сондықтанда еліміздің болашағын жарқын ету, ұлттық рухымызды сіңіру ұлттық мирас құндылығымен сабақтас. Ата-бабадан қалған құнды мұраларымызды қорғауға дағдыландыру керек. Балалармен бірге театрға, мұражайға және тарихи орындарға бару оларды рухани жағынан кемелдендіреді. Бұл тұрақты қолға алынғанда ғана өткенінен сабақ алып, болашағына үмітпен қарайтын ұрпақ келері сөзсіз.

Модуль 3. Ар-ұят құндылығы

Ар-ұят құндылығы адами мінез-құлыққа сәйкес келмейтін, жағымсыз істерден бойын аулақ ұстауға, жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, парасаттылықты жоғары бағалауға, абыройлы болуға ықпал ететін адамдық болмыстың сапалы бейнесі. Ар-ұят құндылығына «Адамның басына қонған бақыттың тұрақты болуы жақсы мінез-құлыққа байланысты. Мінез бен ақыл жарасса – адамгершілік ұтады» деген даналық өсиет пен адалдық, әділеттілік, мейірімділік, жауапкершілік қасиеттері тұғыр болады. «Арлының ұяты бетінде», «Ақылың болса ар сақта, ар-ұят керек әр уақытта», «Пайда ойлама, ар ойла», «Әділ сөйлеп, адал жүр», «Әділдіктің екі қайнар көзі бар: ешкімге зиян келтірмеу және қоғамға пайда келтіру», «Халқына адал бол, жауыңа қатал бол, досыңа адал бол!», «Күшіңе сенбе, адал ісіңе сен», «Ең әуелі – ниет керек, одан соң – күш керек, одан соң – тәртіп керек», «Ақылды сол – нысап пен ар сақтайды» т.б. қанатты сөздер ұждан құндылығын бала бойында қалыптастыруға негіз болады.

Ардың кіршіксіз, ұжданның таза болуы – түптеп келгенде, ұлт қауіпсіздігінің өзегі. Себебі, ар-ұяттың кемдігінен ұлт болашағының жегі құртына айналған парақорлық, жемқорлық қоғамдағы алаяқтықтық әрекетті асқындырып отыр. Сондықтан балабақшадағы бүлдіршіннен бастап, мектеп бітіретін жасөспірімге дейінгі тәрбиеде ар-ұят мандайалды құндылық ретінде басты ұстанымға айналуы тиіс.

Ар-ұят құндылығы адалдық, әділеттілік, мейірімділік, қамқорлық қасиеттерін бала бойында қалыптастыруды және еңбекқорлыққа баулуды көздейді. Өйткені білім де, ғылым да ерен еңбекпен келеді. Еңбек адам өмірінде маңызды. Адамның рухани дамуына, кәсіби әлеуетінің жетілуіне, қоғамдық сананы жаңғыртуға, жауапкершілік сезімін нығайтуға, ел экономикасын көркейтуге тұғыр болады.

Модуль 4. Талап құндылығы

XXI ғасыр технологиялардың қарқынды дамыған заманы. Еліміз басқа елдерден оза дамуы үшін технологияларды қарқынды дамытуға үлес қосып,

инновацияларға ашық болуымыз қажет. Сол себепті өскелең ұрпақ бойында заманауи дағдыларды қалыптастыру маңызды. Талап құндылығы өскелең ұрпақ бойында мәдениеттілік, табандылық, үнемшілдік, қанағат, ерік-жігер, таза ой мен адал ниетке тұғыр болады. Сонымен қатар, талап құндылығы баланың білім алуға, ғылымда жаңалық ашуға жаны құштар болуға, салауатты өмір салтын ұстануға уақыт пен қаржысын тиімді жоспарлауына дағдыландырады.

Қазіргі заманда сыни ойлайтын, оңтайлы шешімдерді дербес қабылдайтын, қабілет қарымы мол, құқықтық мәдениеті жоғары, қоғамдық орында өзін мәдениетті ұстай алатын, басқалармен тіл табыса білетін, сындарлы диалогқа түсе алатын тұлғалар сұранысқа ие. Сол себепті осындай құзыреттері қалыптасқан тұлға тәрбиелеу қажет.

Практикалық сабақ

№	Тақырыбы	Формасы	Әдісі	Тапсырмалар мен сұрақтар
1	Тәрбие құндылықтарын сіңіру арқылы түлек моделінің бейнесін қалыптастыру	мәселелерді талқылау	Топтық және жеке жұмыс	<ol style="list-style-type: none"> 1. Түлектердің бойында қалыптасуы керек негізгі құндылықтарды анықтаңыз. 2. Осы құндылықтарды игеру бойынша іс-шаралар жүйесін әзірлеу, іс-шаралар жүйесінің тиімділігін бағалау. 3. Қазіргі түлектер үшін қандай құндылықтар маңызды? 4. Түлектердің құндылықтарын қандай әдістермен және құралдармен қалыптастыруға болады? 5. Нормативтік құқықтық актілерді талдау
2	Болашақ ұрпақ тәрбиесінде қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту жолдары	Семинар – трнинг	Топтық және жеке жұмыс	<ol style="list-style-type: none"> 1. Болашақ ұрпақты тәрбиелеуде қазақ тілінің аясын кеңейту үшін қандай жағдайлар жасау керек? 2. Балалар мен жастардың қазақ тілін меңгеру деңгейін арттыруда қандай әдіс-тәсілдер қолдануға болады? 3. Өмірдің түрлі салаларында қазақ тілін қолданудың қандай мүмкіндіктерін кеңейту қажет? 4. Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту мақсатында шағын жоба құрастырыңыз 5. Кейстерді шешу.
3	Қоғам игілігіне қызмет етудің формасы мен түрлері	Семинар -тренинг	Топтық және жеке жұмыс	<ol style="list-style-type: none"> 1. Қоғам игілігіне қызмет етудің негізгі нысандары мен түрлерін анықтаңыз. 2. Қоғам игілігіне қызмет етудің әрбір нысаны мен түрінің ерекшеліктерін ашу және олардың тиімділігін талдау. 3. Қоғам игілігіне қызмет

				<p>етудің әрбір нысаны мен түрі қандай артықшылықтар мен кемшіліктерге ие?</p> <p>4. Қоғам игілігіне қызмет етудің әртүрлі формалары мен түрлерінің тиімділігіне қандай факторлар әсер етеді?</p>
4	<p>Пән мазмұны арқылы ұлттық құндылықтарды қалыптастыру жолдары</p>		<p>Топтық және жеке жұмыс</p>	<p>1. Пән мазмұны арқылы ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың негізгі бағыттарын анықтаңыз.</p> <p>2. Осы бағыттарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жүйесін әзірлеу.</p> <p>3. Іс-шаралар жүйесінің тиімділігін бағалау.</p> <p>4. Пәннің мазмұны арқылы ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда қандай бағыттарды бөлуге болады?</p> <p>5. Патриотизм мен азаматтықты қалыптастыру үшін қандай әдістер мен құралдарды қолдануға болады?</p> <p>6. Білім алушылардың бойында ұлттық құндылықтарды дамыту бағдарламасын әзірлеу</p>
5	<p>Білім беру ұйымдарындағы бала қауіпсіздігі. Ұсынымдар, ережелер мен талаптар</p>		<p>Топтық және жеке жұмыс</p>	<p>1. Білім беру ұйымдарында баланың қауіпсіздігіне қандай қауіп-қатерлер болуы мүмкін?</p> <p>2. Білім беру ұйымдарында баланың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қандай шаралар қолдануға болады?</p> <p>3. Білім алушыларға қауіпсіз мінез-құлықты қалай үйретуге болады?</p> <p>4. Білім беру ұйымдарында баланың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және оған жайлы орта қалыптастырудың алгоритмін құрастырыңыз.</p> <p>5. Білім беру ұйымдарында баланың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жайлы орта құру үшін жоба әзірлеңіз.</p> <p>6. Кейстерді шешу.</p>
6	<p>Тұлға бойында жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыру</p>		<p>Топтық және жеке жұмыс</p>	<p>1. Жалпыадамзаттық құндылықтарды анықтаңыз.</p> <p>2. Жалпыадамзаттық құндылықтардың қалыптасуына әсер ететін факторларды анықтау.</p> <p>3. Жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыру жөнінде іс-шаралар әзірлеу.</p> <p>4. Жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыру бойынша бағдарлама құрастырыңыз.</p> <p>5. Білім алушылардың бойында жалпыадамзаттық құндылықтарды</p>

				<p>қалыптастыру процесін қалай тиімді етуге болады?</p> <p>6. Білім алушылардың бойында жалпыадамзаттық құндылықтардың қалыптасу дәрежесін қалай бағалауға болады?</p>
7	Әлеуметтік жобалар арқылы ар-ұят құндылығын қалыптастыру		Топтық және жеке жұмыс	<ol style="list-style-type: none"> 1. Әлеуметтік жобалар арқылы ар-ұят құндылығын қалыптастырудың негізгі бағыттарын анықтаңыз. 2. Ар-ұят құндылығын іске асырудың әдістері мен құралдарын атаңыз? 3. Ар-ұят құндылығын іске асыру жөніндегі әлеуметтік жоба әзірлеу. 4. Жоба бойынша іс-шаралар жүйесінің тиімділігін бағалау. 5. Әлеуметтік жобалар арқылы ар-ождан құндылығын қалыптастыру жөніндегі іс-шаралар жүйесінің тиімділігін қалай бағалауға болады? 6. Ар-ұят құндылығын ұлттық құндылықтар арқылы қалыптастырудың алгоритмін құрыңыз. 7. Кейстер шешу. 8.
8	Технологиялық және цифрлық сауаттылықты дамытудың әдістері мен тәсілдері		Топтық және жеке жұмыс	<ol style="list-style-type: none"> 1. Технологиялық және цифрлық сауаттылықты дамытудың негізгі әдістері мен тәсілдерін анықтаңыз. 2. Технологиялық және цифрлық сауаттылықты дамытудың негізгі әдістері мен тәсілдерін іске асыру жөніндегі іс-шаралар жүйесін әзірлеу. 3. Іс-шаралар жүйесінің тиімділігін бағалаңыз. 4. Пән арқылы технологиялық және цифрлық сауаттылықты дамыту жолдарын көрсетіңіз. 5. Технологиялық және цифрлық сауаттылықты дамытуға бағытталған сыныптан тыс іс-шараларды ұйымдастыру. 6. Технологиялық және цифрлық сауаттылықты дамытуға бағытталған волонтерлік қызметке тарту.

9	Білім алушылардағы жауапкершілік қасиеттері және уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлай алу дағдыларын қалыптастыру		Топтық және жеке жұмыс	<ol style="list-style-type: none"> 1. Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлаудың қандай жауапкершілік қасиеттері мен дағдыларын бөліп көрсетуге болады? 2. Уақыт пен қаржыны тиімді Жоспарлау дағдыларын қалыптастыруды қандай әдіс мен тәсілдермен жүзеге асыруға болады? 3. Білім алушылардағы жауапкершілік қасиеттері және уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлай алу дағдыларын қалыптастырудың бағдарламасын әзірлеңіз.
10	Сынып сағаттары және сыныптан тыс іс-шаралар арқылы талап құндылығын дәріптеу жолдары		Топтық және жеке жұмыс	<ol style="list-style-type: none"> 1. Сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс-шаралар арқылы талап құндылығын насихаттаудың негізгі жолдарын анықтаңыз. 2. Сыныптан тыс іс-шаралар арқылы талап құндылығын насихаттау бағдарламасын әзірлеу. 3. Талап құндылығын дамытудың қандай тәсілдерін бөліп көрсетуге болады? 4. Талап құндылығын дамыту бойынша жоба әзірлеңіз 5. Талап құндылығын дамыту бойынша сынып сағаттарының жоспарын әзірлеу

6. Оқу процесін ұйымдастыру

Біліктілікті арттыру курстары келесі режимде ұйымдастырылады:

Бағдарламаның ұзақтығы 108 сағатты құрайды; Аудиториялық оқыту 40 сағат, білім беру ұйымдарындағы тәжірибе 36 сағат, онлайн оқыту 32 сағат.

Оқыту нысаны оффлайн және онлайн форматта жүргізіледі.

Бағдарлама 20% теориядан және 80%-ы практикалық оқытудан тұрады.

Осы Бағдарлама курсынан өткен қатысушының білім деңгейін бақылау және бағалау мақсатында өзіндік жұмыс, жобалау жұмысы, тақырыптық презентациялар, қорытынды тестілеу жүргізіледі. Өздік жұмысқа арналған тапсырмалар, тест тапсырмалары, жоба жұмысы кіреді.

Оқыту процесінде педагогикалық интерактивті әдістер мен іс-әрекет әдістері қолданылады: дәрістер, семинарлар, практикалық жұмыстар, вебинарлар, шағын сабақтар, дөңгелек үстелдер, рөлдік ойындар, іскерлік ойындар, топтық жұмыс, өзіндік жұмыс, нақты жағдайларды талдау, проблемалық жағдайлар, миға шабуыл, кейс әдістері т.б.

Теориялық материалдармен, практикадан алынған мысалдармен және жеке топтық практикалық жұмысты орындаумен қамтамасыз етіледі.

Білімді бақылау: алған білім, іскерлік, дағдылардың сапасы өзекті тақырыптар мен ұсынылған нақты жағдаяттар бойынша практикалық жұмыс

нәтижелері тестілеу арқылы анықталады.

Бағдарлама бойынша оқу процесін ұйымдастыру келесі оқу жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

Аудиториялық оқытуға арналған оқу жоспары

№	Модуль және тақырыптар атауы	Дәріс	Семинар	Практика	Барлығы
Модуль 1 Тәрбие технологиясы					
1.1	Тәрбиенің әлемдік және отандық тәжірибелері	1			1
1.2	Тәрбиедегі сын-тегеуріндер		2		2
1.3	Құндылықтарды білім беру мазмұнына кіріктірудің кері дизайн технологиясы	1	1		2
1.4	Тәрбие құндылықтары мен түлектің моделі			2	2
1.5	Нормативтік құқықтық актілер	1			1
1.6	<i>Өздік жұмыстар үшін зерттеу тапсырмалары:</i> Тәрбие құндылықтарын сіңіру арқылы түлек моделінің бейнесін қалыптастыру			2	2
	Модуль бойынша				10
Модуль 2 Ұлттық мүдде құндылығы					
2.1	Қазақстанның мемлекеттілігін нығайтудың негізі ретінде білім алушылардың патриоттық сезімдерін қалыптастыру	1	1		2
2.2	Ұлттық мәдениет – ұлттың рухани дамуынан бастау алады. Дәстүрлер мен әдет-ғұрып	1	1		2
2.3	<i>Кейс шеуі:</i> Болашақ ұрпақ тәрбиесінде қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту жолдары			2	2
2.4	<i>Практикум:</i> Қоғам игілігіне қызмет етудің формасы мен түрлері			2	2
2.5	<i>Өздік жұмыстар үшін зерттеу тапсырмалары:</i> Пән мазмұны арқылы ұлттық құндылықтарды қалыптастыру жолдары			2	2
	Модуль бойынша				10
Модуль 3 Ар-ұят құндылығы					
3.1	Академиялық адалдық қағидаты	1	1		2
3.2	Білім берудегі эмоционалды интеллект: дамыту және қолдану	1	1		2
3.3	<i>Кейс:</i> Білім беру ұйымдарындағы бала қауіпсіздігі. Ұсынымдар, ережелер мен талаптар			2	2
3.4	<i>Практиум:</i> Тұлға бойында жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыру			2	2

3.5	Өздік жұмыстар үшін зерттеу тапсырмалары: Әлеуметтік жобалар арқылы ар-ұят құндылығын қалыптастыру			2	2
Модуль бойынша					10
Модуль 4 Талап құндылығы					
4.1	Талап құндылық ретінде: ұғым, мәні мен мағынасы	1	1		2
4.2	Білім алушылардың сыни және креативті ойлау дағдыларын қалыптастыру	1	1		2
4.3	<i>Практикум:</i> Технологиялық және цифрлық сауаттылықты дамытудың әдістері мен тәсілдері			2	2
4.4	<i>Практикум:</i> Білім алушылардағы жауапкершілік қасиеттері және уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлай алу дағдыларын қалыптастыру			2	2
4.5	Өздік жұмыстар үшін зерттеу тапсырмалары: Сынып сағаттары және сыныптан тыс іс-шаралар арқылы талап құндылығын дәріптеу жолдары			2	2
Модуль бойынша					10
Жалпы					40
<i>Ескерту: 1 академиялық сағат – 45 минут</i>					
Білім беру ұйымдарындағы тәжірибе					
№	Жұмыс атауы	Жұмыс түрі			Сағат саны
1	Білім беру ұйымының жылдық тәрбие жоспарын құрастыру	Тәрбиенің жылдық жоспары			6
2	Құндылықтарға негізделген сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары			6
3	Пәндік мазмұнға құндылықтарды енгізу арқылы мақсат қою, жоспарлау	Сабак жоспары			6
4	Құндылықтың бір түріне арналған сыныптан тыс іс-шара ұйымдастыру	Сыныптан тыс іс-шара			6
5	Құндылыққа байланысты жоба моделін ұсыну	Жоба			6
6	Портфолио құрастыру	Портфолио			6
Барлығы: 36 сағат					

Қашықтан оқытуға арналған оқу жоспары

№	Модуль және тақырыптар атауы	Материалды өз бетінше оқуы	Вебинар	Онлайн платформа да практика	Барлығы
Модуль 1 Тәрбие технологиясы					

1.1	Тәрбиенің әлемдік және отандық тәжірибелері	1			1
1.2	Тәрбиедегі сын-тегеуріндер		1	1	2
1.3	Құндылықтарды білім беру мазмұнына кіріктірудің кері дизайн технологиясы		1		2
1.4	Тәрбие құндылықтары мен түлектің моделі		1	1	1
1.5	Нормативтік құқықтық актілер		1		1
1.6	<i>Өздік жұмыстар үшін зерттеу тапсырмалары:</i> Тәрбие құндылықтарын сіңіру арқылы түлек моделінің бейнесін қалыптастыру			2	1
	Модуль бойынша				8
Модуль 2 Ұлттық мүдде құндылығы					
2.1	Қазақстанның мемлекеттілігін нығайтудың негізі ретінде білім алушылардың патриоттық сезімдерін қалыптастыру		1		1
2.2	Ұлттық мәдениет – ұлттың рухани дамуынан бастау алады. Дәстүрлер мен әдет-ғұрып	1			1
2.3	<i>Кейс шешу:</i> Болашақ ұрпақ тәрбиесінде қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту жолдары		1	1	2
2.4	<i>Практикум:</i> Қоғам игілігіне қызмет етудің формасы мен түрлері	1		1	2
2.5	<i>Өздік жұмыстар үшін зерттеу тапсырмалары:</i> Пән мазмұны арқылы ұлттық құндылықтарды қалыптастыру жолдары			2	2
	Модуль бойынша				8
Модуль 3 Ар-ұят құндылығы					
3.1	Академиялық адалдық қағидаты		1		1
3.2	Білім берудегі эмоционалды интеллект: дамыту және қолдану	1			1
3.3	<i>Кейс:</i> Білім беру ұйымдарындағы бала қауіпсіздігі. Ұсынымдар, ережелер мен талаптар	1		1	2
3.4	<i>Практикум:</i> Тұлға бойында жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыру	1		1	2
3.5	<i>Өздік жұмыстар үшін зерттеу тапсырмалары:</i> Әлеуметтік жобалар арқылы ар-ұят құндылығын қалыптастыру			2	2
	Модуль бойынша				8

Модуль 4 Талап құндылығы					
4.1	Талап құндылық ретінде: ұғым, мәні мен мағынасы		1		1
4.2	Білім алушылардың сыни және креативті ойлау дағдыларын қалыптастыру	1		1	2
4.3	<i>Практикум:</i> Технологиялық және цифрлық сауаттылықты дамытудың әдістері мен тәсілдері		1	1	2
4.4	<i>Практикум:</i> Білім алушылардағы жауапкершілік қасиеттері және уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлай алу дағдыларын қалыптастыру	1		1	2
4.5	<i>Өздік жұмыстар үшін зерттеу тапсырмалары:</i> Сынып сағаттары және сыныптан тыс іс-шаралар арқылы талап құндылығын дәріптеу жолдары			1	1
Модуль бойынша					8
Жалпы					32
<i>Ескерту: 1 академиялық сағат – 45 минут</i>					

7. Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі

Курсты оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі мыналарды қамтиды:

- курс бағдарламасы;
- курсты оқытуда қолданылатын әдістер мен тәсілдердің сипаттамасы;
- теориялық материал (презентациялар, цифрлық ресурстар);
- практикалық тапсырмалар (жаттығу, ойын, кейстер, сұрақ-жауаптар);
- өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар (бағалау критерийлері);
- курстың басындағы, соңындағы және қорытынды тестілеу

сауалнамалары;

-негізгі әдебиеттер мен оқуға арналған қосымша дерек көздер мен ресурстардың, интернет-ресурстардың тізімі.

8. Оқу нәтижелерін бағалау

Тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау өзіндік жұмыс, жобалау жұмысы және қорытынды тестілеу арқылы жүзеге асырылады.

Жобаның құрылымы:

Жобаның бір тақырыбымен 4-5 тыңдаушыдан тұратын топ жұмыс істейді. Әр топ өз жобасын дайындайды.

Жоба келесі құрылымдық элементтерден тұрады:

1) титул парағы (ұйымның атауы, әзірлеушінің(лердің) аты-жөні жылы, қаласы).

2) Мазмұны (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды, қосымша).

3) Кіріспе (таңдалған тақырыптың өзектілігі, жұмыстың мақсаты мен

міндеттері, пайдаланылған дереккөздердің негіздемесі, негізгі проблеманың тұжырымы мен қысқаша сипаттамасы).

4) Негізгі бөлім (кіріспеде проблема анықталады, тиімді практиканың көздері мен қолда бар материалдарының негізінде оны шешу жолдары бақыланады, уәжді ұстаным нақтыланады).

5) Қорытынды (жобаның мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес зерттеудің негізгі тұжырымдары жасалады, жалпылама тұжырымдар жасалады немесе зерттеу нәтижелерін нақты пайдалану бойынша практикалық ұсынымдар беріледі).

6) Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

7) Қосымшалар (қажет болған жағдайда).

8) Презентация.

Жобаны бағалау критерийлері

№	Критерийлері	Балл	Түсіндірме
1	Зерттеудің міндеттері. Мәселенің маңыздылығы мен өзектілігі		
2	Қойылған проблемалардың, мақсаттар мен міндеттердің жоба тақырыбына сәйкестігі		
3	Жоба мазмұнын құрылымдау: логикасы мен дәйектілігі		
4	Мазмұнның жоба тақырыбына сәйкестігі: - мәселенің ашылу дәрежесі; - жоспарды сақтау		
5	Жұмыс перспективалары: - жұмыс нәтижелерінің практикалық маңыздылығы; - Жұмысты жалғастыру мүмкіндігі		
6	Инновациялық тәсілдерді қолдану		
7	Сұрақтарға берілген жауап		
8	Шығармашылық тәсіл		
	Балл жиынтығы		

Жобалау жұмысын ресімдеуді бағалау кезінде мынадай өлшем шарттарескеріледі:

0 балл – іске асырылмады;

1 балл – ішінара іске асырылды;

2 балл – толығымен орындалды.

Жоба үшін ең жоғары балл – 20 балл.

Жұмыс үшін ұпай санын келесі схема бойынша дәстүрлі бағалау нормаларына ауыстыру ұсынылады:

«5» бағасы (өте жақсы) 17-20 балл кезінде қойылады.

«4» (жақсы) бағасы 14-16 балл санына сәйкес келеді.

«3» (қанағаттанарлық) бағасы 10-13 балл санына сәйкес келеді.

Қорытынды тестілеу

№	Модульдер атауы	Сұрақтар саны
1	Модуль 1. Тәрбие технологиясы	10
2	Модуль 2 Ұлттық мүдде құндылығы	12
3	Модуль 3 Ар-ұят құндылығы	12
4	Модуль 4 Талап құндылығы	12
	Барлығы	46

Баллға айналдыру шкаласы

Баға	Орындау көлемі, %	Балл саны
5	90%-100%	35-46
4	75-89%	28-22
3	50-74%	20-16
2	50%-дан кем	15 балдан кем

9. Курстан кейінгі қолдау

Білім беру ұйымдары бойынша курсқа қатысқан тыңдаушыларды қолдау мынадай түрде ұйымдастырады:

1) лектордың/тренердің түрлі коммуникация құралдарын (электрондық пошта, мессенджерлер, әлеуметтік желілер (Facebook, WhatsApp және т.б.) пайдалана отырып, басқару мәселелері бойынша онлайн- консультациялар, онлайн-іс-шаралар, әдістемелік отырыстар өткізу;

2) конференцияларға, семинарларға, вебинарларға, дөңгелек үстелдер мен тренингтерге қатысу үшін білім беру ұйымдарының педагогтерін, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларын, сынып жетекшілерін, тәрбие саласының мамандарын тарту;

3) өңірлік, республикалық басылымдарда, бұқаралық ақпарат құралдарында мақалалар жариялау (бірлескен авторлықта болуы мүмкін).

10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев-тың Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзі (17.06.2023) [Электронды ресурс] // <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-ulttyk-kuryltyaydyn-adiletti-kazakstan-adal-azamat-atty-ekinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-1752959> [Қаралған күні: 10.08.2023].
2. Қылмыстың жекелеген түрлері бойынша кәме-летке толмағандардың қылмысы [Электронды ресурс] // Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлт-тық статистика бюросының сайты: <https://bala.stat.gov.kz/kz/prestupnost-nesovershennoletnih-po-otdelnym-vidam-prestuplenij/> [Қаралған күні: 15.07.2023].

3. Біртұтас тәрбие бағдарламасы [Мәтін] / Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі. – Астана, 2023. – 52 б.
4. Жетілдіру және ынталандыру. Монография / И.У.Сагиндиқов, С.К.Жумажанова, А.Ж.Ауезханова, М.Ш.Тасбулатова – Астана, 2023. – 260 бет.
5. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу: жоғары білім берудің жаһандық мәселелеріне жауаптар. Монография / Аида Сағынтаева, Айжан Мусина, Алия Сулейменова, Руслан Қаратабанов, Қайрат Құрақбаев, Дункан Пристли, – Нұр-Сұлтан: Назарбаев Университеті Жоғары білім беру мектебі, 2021. – 236 б.
6. Педагогика./Таубаева Ш.Т., Иманбаева С.Т.,Берикханова А.Е. Оқулық.– Алматы: ОНОН. 2018, - 357 бет.
7. Оқыту теориясы: Білім беру көкжиегі. / Шунк Дейл Х. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019 жыл – 608 бет.